ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ

2 апта

4-6 сыныптарға арналған апталық қосымша тапсырмалар

2 апта

Аптаның жобасы:

"Жас алхимик"

Мақсаты:
балалармен бірге әртүрлі және қызықты эксперименттер жасау. Эксперименттердің көмегімен заттардың физикалық және химиялық қасиеттерін түсіндіру

Тапсырманы орындау:
эксперимент үшін қажетті барлық нәрсені бірден дайындау. Үстел үстіндегі барлық артық заттарды алып тастап видео түсіру керек. Ұсынылатын эксперименттер: https://youtu.be/v6Vjqfemrck.
Эксперимент кезінде баланың қасында үлкендердің болуын және оған көмектесуін сұраймыз.

Күнделікті бір жақсылық жасау:

ДҮЙСЕНБІ

Күні бойы негативті жағдай болса да, тек жақсы, мейірімді сөздер сөйлеңіз.

Сейсенбі

Кішкентай бауырларыңызға ұйықтар алдында ертегі оқып беріңіз.

Сәрсенбі

Экологиямызды ластамас үшін күнделікті үйден шығатын қоқысты сұрыптап отыру керек.

Бейсенбі

Ең жақсы көретін ұстазыңызға алғысыңызды білдіріп хат жолдаңыз.

Жұма

Күні бойы барлығына мейіріммен қарап, ата-анаңызды, жақындарыңызды көбірек құшақтауға дағдыланыңыз.

Сенбі

Өз бөлмеңізді жинастырыңыз.

Жексенбі

Кешкі ас дайындауға көмектесіңіз.

2 апта

Аптаның қолөнер туындысы:

«Қағаздан жасалған Акула»
Мақсаты:
қағаздан қызықты ойыншық акула жасауды үйрету.
Тапсырманы орындау: түрлі- түсті картон, қағаз, қайшы, жіп, қарындаш, сызғыш және желім дайындап, содан кейін фильмді қарап, нұсқауларды орындаңыз:
https://www.instagram.com/tv/B-R61HqBS6L/?igshid=12gart9lybftd



Апта ішінде көруге ұсынылатын деректі фильмдер:

1) «Дара тұлға». Оқу-танымдық анимация (2018 ж) Әлкей Марғұлан

https://www.youtube.com/watch?v=I9w4k5U1V2w

2 апта

Аптаның ғибратты әңгімесі:

Үш елек ойдан өткіз

Ыбырай Алтынсарин

Бір адам Сократты көре салып:
- Айтпақшы, осы сенің досыңның маған не айтқанын білесің бе? – депті.
Сонда Сократ ойланбастан:
- Сәл кідір, алдымен айтқалы тұрғаныңды үш електен өткіз, - депті.
- Үш електен?
- Бірнәрсе айтпас бұрын, алдымен оны електен өткізу керек. Ең бірінші шындық елегінен. Айтайын деп тұрғаның шындық екеніне көзің жете ме?
- Жоқ, мен тек естідім.
- Сөйтіп сен айтайын дегеніңнің шындық па, жоқ па екенін білмейсің. Онда екінші елек. Ол – жақсылық елегі. Менің досым туралы жақсы нәрселер айтпақшысың ба, жоқ па?
- Онша жақсы нәрселер емес. Менің бұл әңгімелерге еш қатысым жоқ. Мен тек басқалардан естідім.
- Сонда әңгімеңде жақсылық та жоқ. Солай ма? Олай болса соңғы електі қолданып көрейік. Сенің айтпақ болғаныңды менің білуім міндетті ме?
- Жоқ, ондай қажеттілік жоқ.
- Сонымен, - деді Сократ, - сенің айтқың келгендерде шындық та, жақсылық та, пайда да жоқ. Онда айтудың да қажеті жоқ. – депті.

Жігіт айтты:
- Менің ойыма бөтен бір нәрсе келеді: бұл бұлақтың суы бір

2 апта

орында тынып тұрып, шөп-шалам түсіп, лай-қоқым болса, бұған адам мен айуан мұнша ынтық болмас еді; бұлақ күні-түні тынбай ағып тазаланып тұрғаны үшін ынтық болады. Олай болса, жазудың мағынасы: көңілінді, бойыңды осы бұлақтай таза сақта, нешік бұлаққа қарасақ күн түссе күннің, шөп түссе шөптің сәулесін көреміз, көңілің сол реуішті сыртқа ашық көрініп тұрсын дегені ме деймін, - деді.

“Кітап -алтын қазына”,
апталық оқуға ұсынылатын әдебиет:

«Бала Шоқан»
Сапарғали Бегалин

Сапарғали Бегалиннің шығармашылығы – тек қазақ әдебиетінің ғана емес, барлық балалар әдебиетінің асыл қазынасы. Сапарғали Бегалин «Бала Шоқан» әңгімесі. Жазушының балалар әдебиетіне қосқан елеулі еңбегінің бірі – «Бала Шоқан» повесі. Өз заманынан өза туған талантты тұлға Шоқан өмірі туралы еңбек жазу қаламгерді ерте еліктіреді. Семейде оқып жүрген кезінен Шоқан өмірі туралы естіп өскен қаламгер көптеген тарихи деректерді зерделейді. Жазушы өз естеліктерінің бірінде: «...Шоқан өміріне қатты құмарттым. Мен Шоқан өмірінің бір сәтін іздедім. Тапқан да сияқтымын. Ол – Шоқанның кеңсе күзетшісінің баласы Мысықтың балшықтан ойыншық мүсін жасағанын көріп, талабын танып, оны өзімен бірге оқуға алып кетуі. Әсіресе, осы оқиға маған

2 апта

қатты ұнап, хикаят жазуға жұмылдырды. «Бала Шоқанды» осылай жаздым» – дейді. «Бала Шоқан» повесінен алынған үзінді күзеке Шыңғыс ауылының келгеніне аса қуанған сары бала әрекетінен басталады.

Аптаның ойыны:

«Мен 5 есім білемін»

Ойнау тәсілі: Бірінші ойыншы допты қолға алып, былай дейді: "Мен бір қыздың атын білемін", - деп бір қолымен допты жерге бір соғып қыздың есімін атайды. Содан кейін: "Мен бір баланың атын білемін", "Мен бір түсті білемін", "Мен бір жануарды білемін", "Мен бір қаланы білемін"сияқты түрлі нұсқалармен жалғастырады. Барлық комбинациялар қолданылғаннан кейін, ойыншы сол санауды қайта айтады, тек екі есеппен: "Мен қыздың екі атын білемін",- деп әрі қарайшеңбер бойынша жалғастырады. Ойын онға дейін жалғасады. Егер, допты ұрып, ойыншы атын атаса немесе допқа соққы бере алмаса, кезек басқа қатысушыға өтеді. Доп барлық қатысушылар арқылы өтіп, бірінші ойыншыға қайтып келгенде, ол қателескен сөйлеммен ойнауды жалғастырады. Бұл сөзде бірінші ондыққа жеткен адам жеңеді..

Мақсаты: көпмақсаттылық, эрудиция, өз қателіктерін түзетіп, әрі қарай жалғастыра беруді үйретеді.

2 апта

Апта ішінде көруге ұсынылатын көркем фильмдер:

1) «Үлкен және мейірімді алып»
"Үлкен және мейірімді алыптар" отбасылық фэнтези. Бір ұйқысыз түні Софи ежелгі ертегілердің рас екенін білді: көшеде үлкен алыптар бар. Алып Софиді байқап қойып, өзінің фантастикалық еліне алып кетеді.



2) «Менің үй айдаһарым»
Шотланд көлінің жағасында қарапайым бала ғажап жұмыртқа табады. Жұмыртқа ашылғанда, айдаһар сияқты мифтік тіршілік пайда болады. Ежелгі аңыздар кейіпкері мен оның тәбеті тез өсе бастайды.Ал, "кішкентай" құпия кішкентай болып қалатындығында күмән бар. Бала өз қамқоршысын қауіп төндіретіндерден қорғауға тырысады. Бірақ оны адам көзінен қалай жасыра алады екен?

www.qundylyq.kz